

## Қазақстан Республикасына радиоактивті сәулелену көздерін әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 24 маусымдағы N 595

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 226-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергетикасы жөніндегі агенттігіне Қазақстан Республикасына Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапон Үкіметінің арасындағы Қазақстан Республикасында қысқартуға жататын ядролық қаруды жою саласындағы ынтымақтастық және осы мақсаттардағы ынтымақтастық жөнінде комитет құру туралы 1995 жылғы 11 наурыздағы Келісімге сәйкес 241/литий америцийінің негізінде белсенділігі 2,4 Кюри (СЭҚ ТН 2845.90900), нейтрондық өлшеулер жүргізуге пайдаланылатын екі радиоактивті сәулелену көздерін әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

Қазақстан Республикасының

П р е м ь е р - М и н и с т р